Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 15 наурыз №4712-24-00-2/519 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Борашева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық іс қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің "№28 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «DaCon» басшысы Канатова Дана Болатовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұлды өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1, 267-4 -баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің "№28 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «DaCon» басшысы Канатова Дана Болатовна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұл өндіру туралы талап қоюы– қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «DaCon» басшысы Канатова Дана Болатовнаны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «DaCon» басшысы Канатова Дана Болатовнадан мемлекет пайдасына 1 328 (бір мың үш жүз жиырма сегіз) теңге айыппұлды және 1 886 (бір мың сегіз жүз сексен алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.А.Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 01.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 14.05.2024, судья Борашева А. А., 16.05.2024

4712-24-3-1/403